

7. Ушаков, Г. А. Адаптация студентов к принципам и нормам ЗОЖ в условиях неопределенности в ситуации пандемии COVID-19 / Г. А. Ушаков, Г. Н. Юлина // Научные исследования и разработки. Социально-гуманитарные исследования и технологии. – 2021. – Т. 10. – № 2. – С. 59-67. – DOI 10.12737/2306-1731-2021-10-2-59-67. – EDN CUAEMH.

Сведения об авторе (авторах):

Флах Я.И. - аспирант, 2 курс, Московский Государственный Университет Технологий и Управления имени Г.К. Разумовского (Первый казачий университет),

Калита В.В. - научный руководитель: канд. психол. наук, зам. декана кафедры педагогики и психологии профессионального образования (Факультет социально-гуманитарных технологий), доцент, Московский Государственный Университет Технологий и Управления имени Г.К. Разумовского (Первый казачий университет), РФ, Москва

Yana Flakh, PhD student, 2nd year, Razumovsky Moscow State University of Technology and Management (First Cossack University);

Vitaly V. Kalita - Scientific supervisor., Candidate of Psychological Sciences, deputy. Dean of the Department of Pedagogy and Psychology of Vocational Education (Faculty of Social and Humanitarian Technologies), Associate Professor, Razumovsky Moscow State University of Technology and Management (First Cossack University), Russian Federation, Moscow

УДК 373.2
ББК 74.100

И.Р. Халитова¹, С.У. Абдуманнапова²

^{1,2} *Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, (Алматы, Қазақстан)*

АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПАЛДЫ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДА ТӘРТІПТІЛІК ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Мектеп жасына дейінгі баланың негізгі қасиеттері балалы шақтан басталады. Бұл процестің қаншалықты сәтті жүзеге асырылатындығы көбінесе баланың тәртіп пен тәрбиесіне байланысты. Мектепке дейінгі жас – баланың жалпы дамуының негізгі, барлық жоғары адами қабілеттерінің бастапқы кезеңі. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің бір құралы – ауыз әдебиеті үлгілері болып табылады. Мақалада қолдануға тиімді ауыз әдебиеті үлгілеріне сипаттама беріліп, осы мәселені зерттеген қазақ және алыс-жақын шетел ғалымдарының еңбектеріне тоқталған. Тек халық әдебиеті туындылары мектеп жасына дейінгі балалардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келетін терең даналықты, тілге жеңілдікті, есте сақтаудың қарапайымдылығын біріктіреді.

Түйін сөздер: мектеп жасына дейінгі бала, тәртіп, ауыз әдебиеті

СПОСОБЫ ФОРМИРОВАНИЯ ДИСЦИПЛИНЫ У ДОШКОЛЬНИКОВ НА ОБРАЗЦАХ УСТНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

И.Р. Халитова¹, С.У. Абдуманнапова²

^{1,2} *Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая, (Алматы, Казахстан)*

Основные качества у детей дошкольного возраста формируются в детстве. Насколько успешно осуществляется этот процесс, во многом зависит от дисциплины и воспитания ребенка. Дошкольный возраст – это начальный этап всех высших человеческих принципов общего развития ребенка. Одним из средств воспитания дошкольников являются образцы устной литературы. В статье дана характеристика наиболее эффективных образцов устной литературы, а также рассмотрены труды казахских и ученых дальнего и ближнего зарубежья, изучавших данный вопрос. Только произведения народной литературы сочетают в себе глубокую мудрость, легкость языка, простоту в запоминании, соответствующую психофизиологическим особенностям дошкольников.

Ключевые слова: дошкольник, дисциплина, устная литература

WAYS OF DISCIPLINE FORMATION IN PRESCHOOL CHILDREN THROUGH SAMPLES OF ORAL LITERATURE

The main qualities of a preschooler begin with childhood. How successfully this process is carried out largely depends on the discipline and upbringing of the child. Preschool age is the initial stage of the basic, all higher human principles of the general development of the child. One of the tools for educating preschool children is folk literature and samples. The article describes examples of effective folk literature and focuses on the works of Kazakh and near and far abroad scientists who have studied this issue. Only works of folk literature combine deep wisdom, ease of language, ease of preschool children.

Keywords: preschool child, discipline, folk literature

Мектепалды жасындағы балаларды тәрбиелеудегі көркем әдебиеттің маңызы бүкіл халқымыздың өміріндегі оның әлеуметтік, сондай-ақ тәрбиелік рөлімен анықталады. Көркем әдебиет – балалардың ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық тәрбиесінің тиімді құралы, ол сөйлеуді дамытуға және байытуға әсер етеді. Бала қиялын дамытады, халық ауыз әдебиетінің үлгілерімен таныстырады. Осы бейнелер арқылы балалар кейіпкердің ішкі әлеміне қызығушылық танытып, оларға теңеу, сөз байлығы, тіл жеңілдігін, салыстыруды үйренеді.

Ауызша әдебиет туындылары бұл баланың өмірінде еститін бірінші туынды болып саналады. Бұл бесік жыры, тақпақтар, жаңылтпаштар. Халық әдебиетінің осы түрімен таныстыру барысында мынадай тәрбиелік міндеттер шешіледі: баланың ауызша халық шығармаларына қызығушылығы артады; бала даусының интонациясын, дауыс күшін, ауызекі сөйлеуді дамыту, сондай-ақ сөз тіркестерін түсінуге үйрету; балаларға мақал-мәтелдердің мағынасын ашу; мінез-құлық ережелері мен моральдық нормалар; тек қазақ халқының емес халықаралық фольклорлардың көмегімен балалардың қоршаған орта туралы білімдерін байыту; рөлге бөліп ертегілерді орындауға дағдыландыру; балаларды халық ойындарына қызықтыру. Ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар ойлауды, қиялды, тапқырлықты, эмоционалды сананы дамытуға ықпал етеді.

Халық шығармашылығыдағы тәрбие құндылығы батылдық сезімінің қалыптасуына да өз септігін тигізеді. Батырлық, қиял-ғажайып ертегілерімен таныстыру өте маңызды. Ертегіде баяндалатын батырлардың туған жерін жаулардан босатуы жолындағы әрекеті ұлтжандылық идеяларын ашуға ықпал етеді. Кіші топтарда моральдық құндылықтарды қалыптастыру үшін мақал-мәтелдер жақсы құрал, өйткені олар эмоционалды түрде анық, моральдық белгілері айқын көрінеді. Мақал-мәтел құрамы қысқа болғандықтан есте сақтауға оңай, балаларға жәй ғана сендіру, баяндауға қарағанда тиімдірек. Жаңылтпаштар балаға дұрыс және жылдам сөйлеуді үйренуге көмектеседі.

Осы кезеңде бала бойында халқымен байланыстыратын мінез-құлық, сезімдер қалыптаса бастайды. Бұл байланыстың тамыры – халықтың тілінде, халық әуендерінде, ойындарында, туған өлкесінің табиғатынан алған әсерлерінде, әдет-ғұрыптарында. Халық шығармашылығы – бұл педагогикалық материалдың сарқылмас көзі, сөйлеу, адамгершілік, эстетикалық, патриоттық тәрбиенің негіздерінің бірі. Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыста пайдалану және олардың қазақ халқының мәдени мұрасын игеруі оған деген қызығушылықты қалыптастырады, педагогикалық процесті жандандырады, тұлғаның эмоционалды және моральдық көзқарасына ерекше әсер етеді.[1]

Баланың оқу шеңберіе халық фольклоры, сондай-ақ әлем халықтарының фольклоры кіреді. Олар ұлттық, халықтық мәдениеттердің үлкен әлеуетіне ие, баланы жалпыадамзаттық рухани құндылықтардың иесі етеді. Өзінің әдеби дамуында бала өз халқының әдебиетінен балалар әлем әдебиетіне өтуі керек.[2]

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартында балалардың адамгершілік тәрбие нормалары туралы ұсынысының көрсеткіші әлеуметтік құзыреттілікте көрсетілген. 5 жастан 6 жасқа дейінгі бала этикалық нормалар мен құндылықтарды игереді, жанашырлық танытады. Қазақстанда тұратын қазақ және басқа халықтар мәдениетінің құндылықтарын түсінеді, толеранттылық танытады.

Танымдық құзыреттілік қоршаған әлемге қызығушылық танытуға, қойылған міндетке сәйкес келетін іс-әрекет тәсілдерін таңдауға, мақсатқа жетуге, экологиялық білімге ие болуға, сұрақтар қоюға, тәжірибе жасауға, себеп-салдарлық байланыстар орнатуға, конструктивті іс-әрекетте идеяларды жүзеге асыруға, жалпы ұғымдар негізінде заттарды біріктіруге және оларға ауызша белгі беруге мүмкіндік береді.

Қазіргі қоғамда компьютер мен ғаламтор дәуірінде балаларға ертегілер тым аз оқылады, мектеп жасына дейінгі балаларға ертегі оқу арқылы халық фольклорына деген қызығушылықты жандандырудың өте тиімді әдісі болып табылады.

Ауыз әдебиеті – фольклордың бірегей саласы, жазбаша және ауызша әдеби шығармалардың жиынтығы. Фольклорлық әдебиет ежелгі заманнан бері қазақ халқының игіліктерінің бірі болып саналады. Кезінде қазақ халқының көркем жазуы болмаған өмір салты, әлеуметтік ұстаным, экономика және мамандығы, өз қуанышы мен қайғысы болды. Ол әртүрлі өлеңдер, ертегілер, мақал-мәтелдер мен әңгімелерді ойлап табуға серпін болды. Қазақ халқының бұл көлемді сөздерді ауыз әдебиеті деп атады. Сонымен қатар, бұл сөз ғылым мен мәдениет әлемінде «халық шығармашылығы», «халық поэзиясы», «халық ертегілері» деген мағыналарда қолданылады.

Қазақ фольклоры – көптеген ғасырлардағы сарқылмас мұра, қазына. Біз халқымыздың өткенін білеміз, сондықтан ұлылығымызды да жақсы түсінеміз. Қазақтың мақал-мәтелдері, жұмбақтары және ертегілері балаларды өз Отанын сүйуге және өз елін қорғауға шақырады.

Қиял-ғажайып ертегілер, қаһармандық поэма, мақал-мәтелдер, жұмбақтар – мұның бәрі балабақшада балаларды оқыту үшін кеңінен қолданылады[3].

Қазақ халқының ең жарқын ауызша әдебиетінің бірі ертегілер, ол күнделікті өмірде білім беру элементі ретінде кеңінен қолданылады. Ертегілер ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде беріледі. Айтушының шеберлігіне байланысты ертегілер бірнеше түрлерге бөлінеді: қиял-ғажайып ертегілер; жануарлар туралы ертегілер; халықтың өмірі мен дәстүрі туралы ертегілер. Ертегілер балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдалады. Ауызша тіркестер кішкентай жастағы (3-4жас) топтарда қолданылады.

4-5жас аралығындағы балаларға шешуі оңай жұмбақтар, ал ересек топта (5-6жас) әңгімені тыңдау мен айту қатар қолданылады. Мұның мақсаты – әңгімелеуді үйрену, тыңдаушының бойына шыдамдылық танытуды сіндіру. Ауызша әдебиетте адамдардың асыл ойларының көркем жиынтығы, мақал-мәтелге жинақталған. Қазақша мақал негізнен бірлікке, адамгершілікке, қадір-қасиетке басым береді. Халық шығармаларында жұмбақтар да маңызды рөл атқарады.

Айтыс – екі ақын импровизатордың музыкалық және шеберлік сайысы. Балалар ойын-айтысын шынайы айтыс желісімен өткізеді. Айтыс жеребе тартудан басталып, алдын-ала таңдалған тақырып бойынша адамның көркі, ақыл-ойы, мінезі, достық қарым-қатынастар туралы жырлауға болады. Бұл ойынның педагогикалық мүмкіндіктері – балалардың тапқырлығын, импровизациялау қабілетін дамыту, ойнайтын балалардың қабілеттерін ашу.

Әрбір әңгімелеуден кейін бірлескен талқылауды ұйымдастыру ұсынылады. Ол мектеп жасына дейінгі балаларға шығарманың мазмұнына тереңірек бойлауға және өзінің қайталауына сыни көзқараспен қарауға көмектеседі, ұжымдық тәжірибені тудырады және балалардың бірігуіне ықпал етеді. Ертегілерді қайталауға арналған уақытта, бала құрдастарының айтқанын тыңдап, талдай білуге жаттығады. Мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың ертегі мәтіндерінің мазмұнын жақсы жаңғырту дағдыларын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыстың арқасында олар сюжетті терең сезіне бастайды, олардың өзара байланысын түсіну қажеттілігі туындайды. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, балаларды ерте жастан бастап халық ауыз әдебиетін сүйуге тәрбиелеу керек, өйткені қазақ халқының ертегілерімен танысу барысында балалардың өмірі мен қазақ халқы туралы білімдері кеңейеді. Қазақ халық ертегілері арқылы мейірімділікке, адамгершілікке тәрбиеленеді, көркем сөйлеу дағдысы қалыптасады, сөздік қоры молаяды. Осылайша, туған жерге, оның халқына деген мақтаныш сезімі мен сүйіспеншілік сезімі оянады. Көбінесе біз заманмен, уақытпен сыналған қазақ халық ертегілерін аламыз. Ертегі қойылымдары балалардың халық өнерін қозғауға, оларды қызықтырып, баурап алуға көмектеседі. Ертегілер баланың рухани дүниесін байытады.

Әр халықтың өз ертегілері бар, олардың барлығы да ұрпақтан-ұрпаққа негізгі адамгершілік қасиеттерді: мейірімділікті, достықты, өзара көмекті, еңбекқорлықты жеткізеді. «Бұл халық педагогикасының алғашқы және тамаша талпыныстары» деп жазды К.Д. Ушинский, - және бұл жағдайда халықтың педагогикалық данышпанымен ешкім бәселесе алмайды деп ойлаймын.

Бала бойында байқағыштық, тапқырлық қасиеттерін дамытады. Балабақшада ауыз әдебиеті шығармаларын қолдану өте маңызды, ол баланың тілін дамытуға, ой өрісін кеңейтуге көмектеседі[4].

Ертегілер, жұмбақтар сияқты ауызша әдебиет үлгілері мектеп жасына дейінгі баланың ойлауын дамыту, олардың қиялын арттыру және тілін дамытуға қолданылуға болады. Әрине, балаларды ауызша өнерге баулу, алдымен оқытылатын мазмұнды анықтаудан басталады. Материалдың мазмұны балаға түсінікті, тілге жеңіл болуы керек. Оқиға желісі сақталып, оңайдан күрделіге ауысу қажет. Жұмбақ баланың сөйлеуінің дамуына әсер етеді. Жұмбақтар сөздің көп мағыналылығына байланысты балалардың сөздік қорын байытады, сөздердің қосалқы мағыналарын көруге көмектеседі, сөздің астарлы мағынасы

туралы түсінік қалыптасады. Топта балалар тек жұмбақтарды шешіп қана қоймай, өздері де жұмбақ құрастыруды үйренеді. Жұмбақтарды құрастыру кезінде ТРИЗ технологиясын қолдануға болады. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ТРИЗ – бұл бағдарламаның тиімділігін арттыруға, балалар іс-әрекетінің түрлерін әртараптандыруға, баланың шығармашылық ойлауын дамытуға мүмкіндік беретін ойындар, іс-шаралар мен тапсырмалар жүйесі. ТРИЗдің негізгі функциялары: кез-келген күрделілік пен бағыттағы шығармашылық тапсырмаларды шешу; техникалық жүйелердің дамуын болжау және перспективалық шешімдерді алу; шығармашылық тұлғаның қасиеттерін дамыту. ТРИЗ технологиясының көмегімен біз мектеп жасына дейінгі балалардың қабылдауы күрделі қазақ ертегілерімен таныстырамыз. Бұл технологияны пайдалана отырып, балалар ертегінің мағынасын түсініп қана қоймай, есте сақтау, ойлау, қиялдау қабілетін дамытуға арналған күрделі оқу ойындары әлеміне енеді. ТРИЗ технологиясы екінші кіші топтан басталып қолданылады.

Ертегілердің негізгі мақсаты тәрбиелік мәнінде деп санаймын. Олар қазақ халқының құндылықтарын бойына сіңіре отырып, балаларымызды батылдыққа, ар-ожданға, мейірімділікке, жанашырлыққа, жауапкершілікке, адалдыққа тәрбиелейді.

Ана тілімізді құрметтесек, балабақшадан бастап тәрбиенің берік іргетасы қалануы керек. Сондықтан, балабақшада қажетті танымдық шараларды, мерекелік, ертеңгіліктерді көбірек өткізу басты мүдде. Ата-аналар мен тәрбиешілерге үлкен жауапкершілік жүктелуде, ата-бабамыздың асыл мұрасы, қасиетті өнегесі, салт-дәстүрі және әдет-ғұрыптарын сақтау. Болашақта білімді де өнерлі балалар, ана тілін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтап өседі деген зор үмітіміз бар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ мектептері мен мектепте балалар мекемеле-ріндегі имандылық-эстетикалық тәрбие берудің кешенді программасы. Қазақстан мұғалімі. 1990
2. Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан. Алматы, 1993 Калиев С., Базылов Ж. Қазақ халқының салт-дәстүрлері және демократ-ағартушылары. Алматы, 1990
3. Смагулова Ж.М. Значение устной литературы в развитии детского языка дошкольного возраста // Дошкольное образование в Казахстане. - 2015. - № 5
4. Савенков А.И. Исследовательские методы обучения в дошкольном образовании // Дошкольное воспитание. - 2006. - № 1. – С. 21-28

Сведения об авторе (авторах):

И.Р. Халитова¹, С.У. Абдуманнапова^{2-1,2} Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, (Алматы, Қазақстан)

И.Р. Халитова¹, С.У. Абдуманнапова^{2-1,2} Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая, (Алматы, Казахстан)

I.R. Khalitova¹, S.U. Abdumannapova^{2-1,2} Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Republic of Kazakhstan